**Образец**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫ**

**«Бекітемін»**
**Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми**
**Кеңесінің отырысы**
**Ғылыми Кеңес төрағасы/**
**«Утверждено»**
**на заседании Ученого Совета**
**КазНПУ им. Абая**
**Председатель Ученого Совета**
**Ректор _______ С.Ж. Пралиев**
**Протокол № ___ от «__»___201_**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**Мамандық 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**
**Түсу жылы 2015**

**Авторы:** **Бораш Р.Б. п.ғ.к., аға оқытушы**

**Алматы**
**2016**

**КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**Мамандық 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**
**Академиялық дәрежесі – 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры**
**1 курс 4г.**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр.саны | Сем | Пререквизиттері | Постреквизиттері | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Әдебиеттануға кіріспе | «Әдебиеттануға кіріспе» пәні әдебиет туралы ғылым және оның салаларын және оның қосымша салаларын, нақты айтқанда әдебиеттің теориясының, сынының, тарихының бастау арналарын, әрқайсысының өзіндік табиғатына тән ерекшеліктерін талдап-таразылау арқылы түсіндіретін пән. | Бірінші бөлімде әдебиеттану ғылымының салалары, әдебиеттің сөз өнері ретіндегі табиғаты,қоғамдық сипаты, халықтығы таныстырылатын болса ал екінші бөлімде көркем шығарманың құрылысы, композициясы мен сюжеті,көркем образ және оның жасалу жолдары, тілі, өлең | 2 | 1 | 1.Ауыз әдебиеті, 2.Тіл біліміне кіріспе, 3.Ежелгі дәуір әдебиеті | 1. Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны | -Әдебиет туралы ғылымның тарихын;<br>-сөз өнерінің қоғамдық функциясын;<br>-өнер түрлерінің ерекшеліктері мен халықтығын;<br>-көркем шығарманың мазмұны мен пішінін;<br>-көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын;<br>-көркем туындының сюжеттік-композициялық желісін;<br>-көркем шығармадағы тип және типтілік мәселесін;<br>-көркем шығарманың тіл көркемдігін;<br>-әдебиеттің тектері мен түрлерін;<br>-көркемдік әдістер мен әдеби бағыт-ағымдарды оқып-үйретеді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрылысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, әдеби процесс, көркемдік әдіс, әдеби бағыт-ағымдар мәселелері қамтылады. | | | | | |
| **2** | Поэзия талдау | «Поэзия талдау» пәні қазіргі қазақ лирикасы оның тақырып аясы, проблематикасы, қазіргі қазақ лирикасының басты даму сатылары мен ерекшеліктері, поэзиядағы адам және қоршаған орта проблемасының жырлануын әдеби талдау білімін қалыптастыратын пән. Соныме бірге лирикадағы автор мен кейіпкер арақатынасы, конфликт және характер, ой мен сезім, суреттеу мен сипаттау, мезгіл мен мекен, лирикалық шығармалардың мағыналық-структуралық элементтерінің салаласа және | Поэзия мен көркем қара сөз. Өлеңнің өлшем-ырғағы. Абай өлең туралы Өлең жүйелері (метрикалық, силлабикалық, силабо-тоникалық, тоникалық). Өлеңнің құрылысы. Силлабикалық өлең жүйесі. Буындық өлшемі Қазақ өлеңіндегі дәстүрлі ұйқас түрлері Ұйқас түрлері. Қазіргі қазақ өлеңіндегі ізденіс. | | | 1.Халық ауыз әдебиеті 2.Әдебиеттануға кіріспе | 1.Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны | Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығармаларды талдау мен зерттеудің әдістері мен әдістемелерін меңгерту, теориялық білімін практикамен ұштастырып, жүйелі толықтырып отыру дағдыларын игеру. - Пәндік құзырет: Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығармаларды идеялық-тақырыптық тұрғыдан, жанрлық, көркемдік жүйе бойынша талдай оқыту студенттің білімін теориялық және практикалық тұрғыдан жүйелі толықтырып отыру дағдыларын игертеді. Шығарма мәтіндерімен жұмыс жүргізу барысы текстологиялық талдау әдістерін еркін меңгертеді |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сабақтаса байланысу жолдарын түсіндіоеді. Қазіргі қазақ лирикасын жанрлық топтастырудың мәселелері мен тақырыптық тұрғыдан топтастыру, суреттеу амалының ерекшеліктеріне қарай топтастырудың, қазіргі қазақ лирикасының көркемдік-бейнелеуіш құралдарының теориялық мәселелерін танытады. | | | | | | |
| **3** | Сөздікпен жұмыс | Кәсіби қарым-қатынастың қазіргі жағдайы тілдік бірліктерді, олардың мағыналық эквиваленттілігін дұрыс сақтауды ғана емес, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін де талап етеді. Осы орайда «Сөздікпен жұмыс» пәні оқыту жүйесінде ерекше орын алады. Курстың негізіне | Курс мынадай негізгі бөлімнен тұрады:<br>-мамандық бойынша пәндер мазмұнының қазақ,орыс тіліндегі жалпы сипаттамасы;<br>- қазақ тілі мен әдебиетінің негізгі категориялық | 2 | 3 | 1.Тіл біліміне кіріспе,<br>2.Фонетика,<br>3.Лексикология<br>4.Морфология,<br>5.Синтаксис | 1.Жалпы тіл білімі,<br>2.Тілді оқыту әдістемесі,<br>3.Зерттеу әдістері | Пәннің соңында студент біледі және меңгереді:<br>-орыс тілінде қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық материалдарын пайдалануды.<br>- мәтіннің сипатына қарай және оқудың түріне қарай мақсат қоя отырып, кәсіби коммуникативтік аядағы кез келген мазмұндағы мәтіндерді түсіну, оқуды; аударуды;<br>- логикалық бірізділікті сақтай отырып және тіл құралдарын жеткілікті түрде пайдаланып,оларды түрлі тілдік жағдаяттарда орысша сөйлеуде |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | коммуникативтілік, білім беру және тәрбие бағытындағы тәсілдерді қамту жатады. Курстың мақсаты- кәсіби қарым-қатынасты екі тілде іске асыру үшін қажетті шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру. Курстың міндеттері: - кәсіби, әлеуметтік, мәдени және саяси аядағықарым-қатынас үшін қажетті білім, шеберлік пен дағдыларды тереңдету және белсендіру; - ғылыми, оқу-педагогикалық қарым-қатынаста, орыс, қазақ тілін оқытуда білім, шеберлік және дағдыларды жетілдіру. Кәсіби құзыреттілік: филологиялық мәтіндерді орыс тіліне бағыттау, кәсіби мазмұндағы монологтық сөйлеу; - кәсіби орыс тілінің мамандық | ұғымдық аппараты кәсіби орыс тілі тұрғысында. Кәсіби филология және терминология орыс тілінде; -арнайы кәсіби бағытталған материалдар және оларды берілген кәсіби жағдаяттарда пайдалану. | | | | | пайдалануды; - орыс тіліндегі ауызша ақпараттарды тыңдау және түсіну, тыңдағанын мазмұндап жеткізу; - естіген немесе оқыған мәтінді қажетті ақпаратты таңдай отырып еске түсіру және жүйелі түрде баяндау. Бағалау: - диалог жүргізу; - рефераттар түрінде кәсіби мәтіндерге композициялық семантикалық талдау, аңдатпа, жоспар жасау, - орыс тілінде очерктер, эссе, баяндама жазу; - орыс тілінде пікірталас немесе жарыссөздерге қатысу, берілген тақырып бойынша презентация дайындау; -лингвистикалық және құрылымдық жобалау ережелерін сақтай отырып, (дерексіз, шолу, нәтиже беру, қысқаша мазмұнын жасауға) ғылыми мәтінге аналитикалық және синтетикалық өңдеу жасау. Кәсіби құзыреттілік: филологиялық мәтіндерді орыс тіліне бағыттау, кәсіби мазмұндағы монологтық сөйлеу; - кәсіби орыс тілінің мамандық бойынша пәндермен байланысы, кәсіби қазақ, орыс тілін трансформациялау және саралау. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша пәндермен байланысы, кәсіби қазақ тілін трансформациялау және саралау. Тілдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және кәсіби аяда қолданысына сәйкес қазақ тілінің грамматикалық формалары мен құрылысы коммуникативтік және функционалдық аспектілерде орыс, қазақ тілінде қолданылады . Курстың құрылымы мыналарды қамтиды: тілді оқытудың екі негізгі принциптерін-қарым-қатынас және жүйелілікті қанағаттандыратын лексикалық және тілдік материал (мәтін және сөйлем деңгейінде). Тілдік материалды іріктеу коммуникацияның іске асатын аясындағы қолданыстың ерекшелігіне сәйкес анықталады. | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Лексикалық материал тақырыптық ұстанымға сәйкес ұйымдастырылады. Мәтіндік материалдар ғылыми, оқу-педагогикалық және арнаулы әдебиеттердің ерекшеліктеріне сәйкес болады.Тапсырмалардың барлық түрлері кәсіби және академиялық ұтқырлықтың түрлі бағдарламаларына қатысу үшін, тұрақты және жоғары сапалы оқыту үшін қажетті оқу- әдістемелік материалдар қазіргі заманғы талаптарға сәйкес таңдалады. | | | | | | |
| **4** | Оқылым мен тыңдалымға үйрету | «Оқылым мен тыңдалымға үйрету» пәнін оқыту - әдеби тіл нормаларын жетік қолдана білетін, сөйлесім әрекеті қалыптасқан, тілдің қызметін жүйелі меңгерген дара тұлға қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау. Пән курсы танымдық және практикалық | Әдеби тіл және мәтін. Сөз әдебі. Тіл және сөйлеу заңдылықтары. Сөйлесім әрекетінің түрлері: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім. Диалог және | | | Тіл біліміне кіріспе, Фонетика, Лексикология Морфология, Синтаксис | Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазақ әдеби тілінің тарихы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Қазақ тілінің ұлттың ана тілі ретіндегі маңызын; әдеби тіл нормаларын; мәтінді, мәтіннің тақырыбын, идеясын, құрылымын және т.б. тіл білімі салаларының тіл біліміндегі орны мен маңыздылығын;<br>қазақ тілінің сөздік құрам тармақтарының ішкі салаларын;<br>сөйлемге лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдаулар жасауды;<br>төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің ерекшеліктері мен тыныс белгілерін; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бағыттарда төмендегідей *міндеттерді шешеді:*<br>студенттің тіл туралы түсінігін кеңейту;<br>тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін таныту;<br>сөйлесім компоненттері бойынша қатысымдық дағдыларын жетілдіру;<br>әдеби тілдің лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, сөзжасамдық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгерту;<br>– тілдік жағдаятқа сай қарым-қатынас жасауға дағдыландыру. | монолог. Әдеби тіл нормалары және мәтін. Мәтіннің түрлері мен құрылымы | | | | | стиль түрлерін, тыныс белгілерінің түрлерін; лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік нормалардың тіл мәдениетіне қатысын;<br>сөздерді әдеби тіл нормаларына сай қолдана алуды *меңгереді* |
| **5** | Мәтінді әдебиеттанымдық талдау | «Көркем мәтінді әдебиеттанымдық талдау» – филология мамандығы бойынша оқылатын негізгі пән. Пәннің оқу бағдарламасына енгізілуінің болашақ мамандар | Көркем мәтінді оқып үйренудің негізгі бағыттары мен әдістері. Көркем мәтіннің функциональді-прагматикалық | | | **1.** **Қ**азақ әдебиетінің тарихы, 2. Фольклористика | 1.Әдебиет теориясы, 2.көркем мәтін теориясы, 3.Риторика, 4.Эстетика, | Көркем мәтіннің интерпретациясын қабылдауын және негізгі принциптерін аша білу; қазіргі әдебиеттанудың методологиялық аппаратын меңгере білу; қазіргі ғылыми пәндердің өзара байланыс ерекшеліктерін түсіну; пәнаралық зерттеулер жүргізу және әртүрлі білім салаларының, ғылыми |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дайындауда зор мәні бар. Бұл пәнді оқып-үйрену қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық және қолданбалы мәселелерін терең пайымдауға, әдебиет туралы ғылымның даму тенденцияларын түсінуге жол ашады. Пән курсы қазіргі әдебиеттану зерттеулерінің негізгі бағыттары жөніндегі түсініктерді кеңейтуге және жүйелеуге бағытталған. Мақсаты: көркем мәтін және әдеби-сыншыл дискурстың қазіргі теориялары мен концепциялары, филология ғылымдары мен гуманитарлық білім салаларында оларды оқып үйренудің әдістері, тәсілдері мен принциптері болып табылады. Қазіргі әдебиет туралы ғылымның даму бағыттары мен тенденцияларын жан-жақты оқытып | теориясыӘдеби мәтіннің функциялары: мифопоэтикалық, интенсиальдық, экспрессивтік, репрезентивтік, бағалаушы-интерпретациялық.Көркемдік әлем және оның негізгі компоненттері. Көркем мәтіннің фабулалық кеңістігі. | | | 5.Философия, 6.Мәдениеттану, 7.Психология | мектептер мен бағыттардың жетістіктеріне сүйену; шығармашылыққа, инновациялық идеялар туғызуға қабілеттілік; өз бетінше ғылыми болжамдар негіздеуге және ұсынуға қабілеттілік; зерттеу мақсаттарын қою мен таңдаудың тиімді жолдары мен әдістерінің жетістіктерін меңгеру; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету мен терең таныту, пәнаралық зерттеулердің маңызы мен міндеттерін ашу; қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық және категориальдық аппаратын айқындау болып табылады. Міндеттері: көркем мәтінді оқып үйренудің негізгі бағыттары мен әдістерін анықтау; көркем мәтіннің функциональді-прагматикалық теориясының негізгі аспектілерін ашу; әдеби-сыншыл дискурсты жүйе түрінде пайымдап, оның әдеби үдерістегі орнын айқындау; көркем мәтіннің эпистемиялық аспектілерін оқып үйрету; көркем мәтіннің синтагматикалық және прагматикалық ерекшеліктерін көрсету; көркем мәтіннің интерпретация | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабылдауын және негізгі принциптерін ашу. | | | | | | |
| **6** | Жазушының шығармашылық лабораториясы | Пән мақсаты: - жазушының шығармашылық табиғатындағы өзіндік шығармашылық байланысты талдау; қазақ жазушыларының шеберлікке жету жолдарын;<br>кәсіби шығармашылық әдістерін меңгеру, шеберліктің шығармашылық екендігін түсіну, талантты да талғамды жазушылардың шығармашылық қолтаңбасы мен шеберханасын;<br>жазушы туындыларын жанрлық тұрғыда саралау;<br>жазушының өзекті тақырыптарының жазылу ерекшеліктеріне назар аудару мақсаты көзделеді. | Қазақ жазушыларының шығармашылыққа келу жолдарын;<br>жазушы шеберлігіне қойылатын талаптар;<br>қазіргі жаһандану дәуіріндегі жазушының қоғамдағы ролі, қазақ жазушыларының шеберлік мектебінің қалыптасуы. | 3 | 3 | 1.Халық ауыз әдебиеті<br><br>2.Әдебиеттануға кіріспе | 1.Көркем антропология және әдеби шығармашылық,<br>2.Әдебиеттанудың жаңа бағыттары | Өзекті тақырып құрастыру, жұмыстың одан әрі жүрісін анықтау. Қажетті ақпарат көздермен жұмыс істеу, әр түрлі әдістер қолдану. Тақырыптық, проблемалық, жанрлық, пішіндік өзгерістерді біртұтас бірлікте қарастыру.<br>– білу: зерттеу барысында әлеуметтік айғақтарды алынған өнер-білімге, журналисттік мәтіндерді дайындық қолдану.<br>– Иелену: негізгі тәсілдерге және публицистиканың жанрларының ерекшеліктерін тануға,жұмыстың әдістері мен тәсілдерін анықтау. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **7** | Тіл дамыту әдістері | Бұл курсты қабылдамас бұрын студенттің қазақ тіл білімі салалары фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис туралы мағлұматтары болып, шығармашылық бағытта ой-толғау, өзіндік пікір, ғылыми мақала, аннотация, түйіндеме, сараптама жаза білу, қажетті ғылыми еңбектермен жұмыс істей алу дағдысы болу тиіс, сол сияқты сұрақ-сауал (тест) әдістерін білуі шарт. | Сөз бен сөйлемді, мәтінді әрі тілдік, әрі қатысымдық бірлік ретінде оқыту тілдің мәдени-танымдық, қатысымдық, әлеуметтік, кумулятивтік қызметтерін меңгеруіне жол ашады | | | 1.Тіл біліміне кіріспе,<br>2.Фонетика,<br>3.Лексикология<br>4.Морфология,<br>5.Синтаксис | 1.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы,<br>2.Қазақ әдеби тілінің тарихы.<br>3.Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Пәнді оқыту нәтижесінде студент мыналарды білуі керек: Грамматиканың өзекті мәселелерін білуі керек; Алған білімдерін практикада қолдана білу; Орфографиялық нормаларды меңгеру керек;<br>-Теориялық талдау жасай алу; Тіл білімі тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну; Өзіндік пікір айта алу; Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу. |
| **8** | Орфография және пунктуация негіздері | Курстың мақсаты - бағдарламаны оқыту арқылы сөздер мен сөйлемдер арасында тыныс белгілерінің дұрыс қойылу маңыздылығын ұғынып, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйренеді. Курстың міндеттері: пунктуацияны теориялық тұрғыда үйрену арқылы практикада қолдану. Емле, тыныс белгісі, | Орфография ережелері:кейбір дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылуы,түбір сөздердің, қосымшалардың жазылуы, бөлек, бірге, дефис арқылы жазылатынсөздер, қысқарған сөздердің, шылаулардың, одағайлардың жазылуы, бас | 2 | 4 | 1.Тіл біліміне кіріспе<br>2. Қазіргі қазақ тілі | 1.Қазіргі қазақ тілі (фонетика, грамматика)<br>2. Жалпы тіл білімі | Әдеби тіл нормалары, жазбаша дұрыс жазу, ауызша сөйлеу ережелерін қамту, тәжірибеде сауатты қолдана білуге дағдыландыру. Сөздік қорларын байытып, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға дағдыландыру, пунктуациялық нормаларды және тыныс белгілерін ажырата білу. Курс танымдық және практикалық бағыттарда төмендегідей құзіреттілік қалыптастырады: Теориялық білімді тәжірибеде қолдану, жазба жұмыстарына талдау және жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын меңгеру. Студент «Орфография және пунктуация |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сөз сазы мәселелерін талдап, қазақша дұрыс жазу, сөзді дұрыс айту ережелерін меңгеру. Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын білу. | әріптердің қолданылуы, тасымал, тыныс белгісі мәселелері т.б. | | | | | негіздері» пәнінде тәжірибе жүзінде кең қолданылатын, әрі жан-жақты игерілген тілді талдаудың негізгі әдістерін білуі қажет. |
| **9** | Стилистика | «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнін оқытудың мақсаты - қазақ тілінің стилистикалық жүйесін, тілді стиль түрлеріне сай қолданудың өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгерту.<br>«Қазақ тілінің стилистикасы» пәнін оқытудың міндеттері:<br>- тіл білімі салаларындағы стилистиканың маңызы, өзіндік ерекшелігі;<br>- тіл және сөз стилистикаларын зерттеудің жаңа бағыттары;<br>- стилистика ғылымының категориялары мен ұғымдары; | 1. Қазақ тілі стилистикасының зерттеу нысаны. Пәннің мақсаты мен міндеттері, өзектілігі. Зерттеу әдіс-тәсілдері. Қоғамдық сана және тіл. Стилистиканың тіл білімі салаларымен байланысы.<br>2 Стилистиканың негізгі ұғым категориялары. Қазақ стилистикасының зерттелуі.<br>3 Сөйлеу стилі. Ауезекі сөйлеу стилінің әлеуметтік-прагматикалық жүйесі | 3 | 4 | Тіл біліміне кіріспе Коммуникативті тіл білімі | «Тіл мәдениеті» «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» «Қазақ әдеби тілінің тарихы» «Когнитивті лингвистика» | Қазақ тіліндегі сөйлеу және кітаби стиль түрлері, синонимдерді орынды қолдану, қате ассоциация кесірінен стильден ауытқу, эвфемистік қолданыстар, анахронизм, алогизм, ұғымдарды ажырата алмаушылықтан туатын қате түрлері, сөз мағынасының тар және кең түрлерін ажырата және қолдана білу, сөздердің тек түр атауларын айыра білуді үйреніп шығуы тиіс;<br>Стилистикалық мағына түрлері: бейтарап мағына, эмоционалды-экспрессивті мағына түрлерін ажыратуды мәтіндер арқылы жаттығып, түсінігін кеңейту керек;<br>Лексикалық тіркесімділікті бұзу – стилистикалық тәсіл және тілдік қате дегендерді, тілдік жетімсіздік (недостаточность) алогизмді, ұғымдарды шатастыруды, комизм тудыратынын, абсурдтылыққа әкеп соқтыратынын білуі, эллипсиспен тілдік жетімсіздікті шатастырмауды үйренуі, эллипсистің экспресссивтілігін түсінуі қажет;<br>Сөздің стильдік бояуы. Лексиканың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - функционалды стиль мәселесі туралы көзқарастар;<br>- функционалды стильдердің топтастырылуы, олардың ерекшеліктер мен жанрлық сипаты;<br>- тілдік тұлға-бірліктердің стилистикалық қызметі;<br>- автордың дара стилі мәселесі;<br>- стилистикалық талдаудың жолдары мен амал-тәсілдері туралы ғылыми-теориялық білім беру және стильдік талдау дағдыларын және қатысымдық біліктіліктерін жетілдіру. | (тұрмыстық сана қалыптастырушы сөз стильдері).<br>Ауызша және ауызекі сөйлеу стилі.<br>4 Ауызша сөйлеу стилінің тілдік құралдары. Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, синтаксистік ерекшелігі. Публицистикалық стиль. Қоғамдық сана қалыптастырушы стиль жанрлары.<br>5 Ерекшелігі, тілдік құралдары. Публицистикалық стильдегі лексикалық-фразеологиялық құрылымдар. Публицистикалық стильдің сөз бедерлеу формалары<br>6 БАҚ және сөз стилі: БАҚ тілінің лингвоэкология | | | | | функционалды-стильдік түрлері. Сөздің эмоционалды-экспрессивті бояуы туралы түсінік алуы тиіс;<br>Канцеляризм мен тілдік штамптар. Жаңа сөздер. Көркем және шаршысөздердегі жаңа сөздер. Кірме сөздердің стильдік қызметі. Кірме сөздердің стильдік классификациясы. Кірме сөздердің көркемсөз мәтіндердегі қолданысы жайынан білім қорын толықтыруы тиіс;<br>Фразеологизмдердің қолданыстағы ерекшеліктері. Фразеологизмдердің стильдік бояуы. Олардың синонимдігі, антонимдігі, көпмағыналылығы, омонимдігі, мәтіндердегі қолданысы. Жазушылардың жаңашылдығы, мағыналарының өзгеруі, қателіктер, контаминациялануы жайлы білім алуы қажет;<br>Фоника, фонетикалық стилистика. Стилистикалық мағынасы бар, фонетикалық тәсілдер. Қазақ тіліндегі дыбыстардың эстетикалық реңкі. Сөздегі дыбыстар жиілігі. Сөз ұзындығы. Сөздің орташа ұзындығынан ауытқуды жөндеу тәсілдері. Дыбыс үйлесімділігінің, әуезділігінің мәні (благозвучия). Бейүйлесімділікті жөндеудің жолдары. Дыбыстаудағы мәнерлілікті күшейтудің тәсілдері. Аллитерация, ассонанс. Дыбысбейнелеуіш. Дыбыстың мәтіндегі қызметі: экспрессивті-эмоционалды қызметі, мағыналық қызметі. Қате рифмдер туралы | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сы.<br>2-модуль: 7 Функционалды стилистикасы. Қазақ тілінің стилистикасы және ресми, ғылыми сөз жүйесі<br>8 Поэтикалық сөз стилі: проза, поэзия, драма, очерк, эссе, т.б. (Эстетикалық сана қалыптастырушы жанрлар)<br>9 Тілдік және мәдени кодты ашу. Көркемсөздегі бейкодтау стилистикасы.<br>10 Ғылыми стиль ерекшелігі. Ғылыми сана қалыптастырушы стиль формалары)<br>11 Ғылыми стиль: академиялық жанрлар стилі Іскери сөз стилінің жанрлары. Ресми сана | | | | | білімі болуы керек. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптаструшы факторлар. Дипломатиялық стиль түрі<br>12 Функционалды стильдің даму жолдары | | | | | |
| **10** | Тіл мәдениеті | Қазақ халқының этикеті туралы айта отырып, оның вербалды жағы мен паралингвистикалық тұстары лингвистикалық зерттеудің ерекше объектісіне айналып отырғандығын, сондай-ақ сөз саптау кезінде этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін оқытып, үйрету. | Тіл және мәдениет. Сөздің мәдени аспектісі Норма және этикет | | | 1.Нормативті қазақ тілі<br><br>2.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы | 1.Стилистика<br><br>2.Жалпы тіл білімі | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>- тілдің этикеттік нормаларын меңгереді;<br>- сөз этикетінің табиғатын түсінеді;<br>- қатысым процесі кезінде этикеттік мәнге ие тілдік бірліктерді орынды қолдануға дағдыланады |
| **11** | Сөйленім және қатынас | Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы экономикалық даму деңгейі, басқа елдермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік | Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қазақ тіліндегі синоним, омоним, көп мағыналы сөздер мен идиомалық | | | 1.Қазақ тілі<br>2.Тіл біліміне кіріспе | 1.Іскерлік қазақ тілі | - тілдік білім берудің негізгі құзіреттілігі және оның нәтижелі болуы;<br>- коммуникативті-функционалдық бағыт;<br>- пән мазмұны мен оның нәтижесінің белгіленген типтік стандарт бойынша оқытылуы мен тілді меңгертуі; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қауымдастықта ықпалының артуы біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, өз елінің тарихи құндылықтары тілі мен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, ғаламдану үдерісінде мемлекетіміздің жедел дамуына үлес қосатын мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгерген білікті мамандарды қалыптастыру, даярлау оқу мазмұнының негізгі міндеті болып табылады. Бағдарламаның мазмұны тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсу салаларын ескере отырып, сөйлеу әрекетінің 4 қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген тіл үйренушінің мақсаты, тілді | тіркестердің жұмсалуы Сөйлеу мәдениеті, сөздерді қолдану дәлдігі Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы. Кәсіби қызметпен байланысты белгілі бір коммуникативтік жағдайдағы сөйленім, пікір айту, белгілі бір тақырыпқа пікірталас түріндегі лебіздік жаттығулар | | | | | - пән мазмұнының сала, тақырып, шағын мәтін және қатысымдық типтік жағдаяттарынан құралған когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде берілуі;<br>- тілдік құзіреттілікті анықтаудың параметрлік өлшем бірліктерін көрсету.<br>- мемлекеттік тіл – қазақ тілін өзара қарым-қатынас пен мәдениетаралық қатысымда қолдана алу;<br>- - кәсіби қазақ тіліндегі ғылыми және публицистикалық мәтін мазмұнындағы ақпараттарды түсіну; алған мәліметтерді кеңейту; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алу;<br>- - кәсіби қазақ тілін меңгертуге арналған мультимедиалық, электронды оқу кешендерін тіл үйрену барысында ұтымды қолдана білу;<br>- - БАҚ, сайттардан алынған материалдарды сұрыптап, өңдей алу, қатысымда қолдана алу дағдысын қалыптастыру.тіл |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдану саласы, коммуникативтік жағдаяттар компоненттері, контекспен байланыстылығы тіл бірліктерінің қолданыстағы қызметіне сай анықталады. Модульде тілдік құзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматикаға негізделеді. | | | | | | білімі мәселелерін: олардың негізгі лексика-грамматикалық түсініктерін, олардың басқа ғылымдармен байланысын, қазақ тілінің даму тенденциясы мен қазіргі жағдайын, Қазақстандағы тарихи-мәдени және тарихи-әдеби үдерісті меңгеруге қабілеттілік.<br>- - кәсіби қазақ тілінің жүйесін пысықтау, қазақ тіл бірліктерінің құрылымы мен қолданылуы барысында халықтың тарихы мен мәдениетімен байланыстыру, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырғанда берілген коммуникативті жағдаяттарға байланысты іргелі білімдерді қолдану қабілеті<br>компьютермен өңделген мәліметтерді; түрлі типтегі мәтінді редакциялау, тілдік әдіс-тәсілдерді қолдану, филологиялық ақпараттарды жинауға, сақтауға және өңдеуге арналған ақпараттық технологияларды жүзеге асыруға |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | қабілеттілік. |
| **12** | Диалектология/ | Тіл білімінің диалектілер мен сөйленістерді зерттейтін саласы ретінде диалектология жергілікті тіл ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі таңда диалектологияның тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу шеңбері де кеңейе түсті. Зерттеу ісі халық тіліндегі ерекшеліктерді жинаумен, анықтаумен ғана тынбай, тіл тарихын жасауда да ойдағыдай рөл атқаруда. Диалектологияның қалыптасу тарихы этнографиямен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, диалектілік ерекшеліктер аса маңызды этнографиялық белгі болып табылады. | 1. Диалектология туралы түсінік. Диалектілер және халық тілі, ұлт тілі, әдеби тіл.<br>2.Диалектологияның дамуы мен қалыптасуы, зерттелуі<br>3.Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің жалпы сипаты.<br>4.Диалектологияның теориялық негіздері<br>5. Жергілікті ерекшеліктерді зерттеу принциптері, жинау жолдары.<br>6.Лингвистикалық география. Ареалды лингвистика | 2 | 5 | Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі | Тарихи грамматика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы | - диалектология ғылымының нені зерттейтінін, оның негізгі салаларын білуі керек,<br>- диалектология пәнінің терминдерін, диалектолог ғалымдардың ғылыми зерт теулерін меңгеруі керек<br>- мемлекеттік тілді сүйетін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **13** | Қазақ тілін оқытудың коммуникативтік – танымдық әдістері | Қазіргі жаһандану үдерісінде ғылым салаларының толысуы мен бірігуіне, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін пәннің бірі. Студент бұл курсты оқи отыра тіл білімінің танымдық теориясының негіздерін меңгереді, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидаларына терең бойлап, практикада қолдану жолдарына машықтанады. | Коммуникативтік дағды қазіргі жаһандану үдерісінде ғылым салаларының толысуы мен бірігуіне, олардың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін пәннің бірі. Тіл білімінің танымдық теориясының негіздерін меңгереді, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары. Коммуникативтік мағынаның берілу жолдары, коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасы, коммуникативтік мағына мен танымның сабақтастығы, коммуникативтік мағына мен бейвербалды | 3 | 5 | 1.Тіл біліміне кіріспе, 2.Фонетика, 3.Лексикология 4.Морфология, 5.Синтаксис | 1.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, 2.Қазақ әдеби тілінің тарихы. 3.Қазақ тілін оқыту әдістемесі | - коммуникативтік мағынаның берілу жолдарын, коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасын, коммуникативтік мағына мен танымның сабақтастығын, коммуникативтік мағына мен бейвербалды амалдардың өзара байланысын білуі керек;<br>- сөздердің, сөйлемдердің, мәтіндердің коммуникативтік мағына тудыру үстіндегі функциональыдқ ерекшеліктерін меңгеруі керек;- коммуникативтілік, лингвистикалық құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | амалдардың өзара байланысы. | | | | | |
| **14** | Қатысымдық бірліктердің танымдық аспектілері | Қатысымдық бірліктерді сөйлеу құралы ретінде қарастыру әлемнің және ұлттың тілдік бейнесіне тән ұғымдар мен аппараттардың теориялық қағидаларымен, басты ғылыми ұстанымдарымен байланыста зерттеліп, лингвистикалық білімдердің тоғысында жүйеленеді. Тілдің қатысымдылық құндылығы адам баласының рухани дүниесін, қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік рөлін арттырып, антропологиялық парадигмаға сай өлшенеді.<br><br>Пән тілді қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтінтүзімдік қызметін танытуды, | Қатысымдық бірліктер – хабар беру мен ақпаратты қабылдау механизміне тән семантикалық заңдылықтарды анықтайтын қарым-қатынас құралы;<br>- қатысымдық бірліктер – айтылған мәлімет пен оның мағынасын түсіну үдерісін бейнелейтін көрсеткіш;<br>- қатысымдық бірліктер – «сөйлеуші моделі» мен «реципиенттік позицияны» анықтайтын тілдік таңба. Оларайтылатын ойға эмоциялық өң беріп, қабылдаушының эстетикалық сезіміне пәрменберетін | | | 1.Тіл біліміне кіріспе,<br>2.Лексикология<br>3.Синтаксис | 1.Қазақ әдеби тілінің тарихы.<br>3.Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Студенттердің ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту.<br>1) тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру;<br>2) тілдің танымдық, қатысымдық, кумулятивтік қызметтерін таныту;<br>3) тілдік бірліктердің түрлі деңгейлердегі сипатын меңгерту;<br>4) тілдің мәтін ішіндегі қолданысын игерту;<br>5) мәтіннің тілдік және танымдық қызметтерін меңгерту;<br>6) тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналық реңктерін ажырату;<br>7) тілдік бірліктердің ақпараттық мәнін ұғындыру;<br>8) дыбыстың, сөздің, сөйлемнің, мәтіннің қолдану барысындағы табиғатын түсіндіру;<br>9) әдеби тіл нормаларын меңгерту;тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету;<br>10) тілдік бірліктерді жұмсаудағыэстетикалық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін игертуді көздейді. – Білім мазмұны оқушылардың танымдық қабілетін арттыратын, сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетін дамытатын, әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін мәтіндер бойынша түзілді. Қазақ тілін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің өз өміріндегі және қоғамдағы рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатынхалықтық таным тұрғысынан пайымдауға үйретеді, | қатынас құралы болғандықтан адамдардың пікір алмасуына қызмет етеді. | | | | | | талғамдарынқалыптастыру; 11) шығармашылық ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру; 12) мәтін табиғатына талдау жасай білу құзңреттңлңктері қалыптасады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тілдесім әрекетінде іске асырылатын тілдік бірліктердің табиғи және функционалдық қасиеттерін тануға, оның ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға мүмкіндік туғызады. – | | | | | | |
